психология-педагогикалық әдебиеттерінде (Е.А. Аркин, НА. Бернштейн, М.Богданович, Н.П. Вайзман, А.Валлон, Л.С. Выготский, Л.Н. Галигузова, Г.Г. Григорьева, М.Жебровская, А.В. Запорожец, Н.П. Кочетова, М.И. Лисина, А.А. Люблинская, Е.М. Мастюкова, С.Л. Новоселова, НИ. Озерецкий, Л.Н. Павлова, Д.В. Сергеева, Х.Спионек, В.Шерборн, СШуман, Н.М. Щелованов және т.б.) сияқты көптеген авторлардың балалардың моторикасының даму мәселесіне қатысты жүргізген зерттеулерінің нәтижелері ашылып көрсетілген.

Осылайша көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың пікірінше осы топ балаларында моторлы аясының келесі бұзылыстары кездеседі:

- Өзіндік моторлық жетіспеушілік (осы топ балаларына ғана тән);
- Күрделі координаторлы жүйелердің қалыптаспауы;
- Өз дене мүшелерінде жеткілікті түрде бағдарлана алмауы;
- Қолдың моторикасының икемсіздігі;
- Ерікті қимыл регуляциясының бұзылуы;
- Еріксіз қозғалыс әрекетінің жеткіліксіз координациясы мен дәлсіздігінің бұзылуы;
- Қимыл-әрекеттің ауысуы мен автоматтануындағы қиындықтар;
- Қозғалыстың икемсіздігі;
- Секіру мен жүгіру және велосипед жүргізу кезінде айқын көрінетін бұлшық ет координациясының тежелуі;
- Физикалық дамуының әлсіздігі;
- көлденең немесе әлсіз латеральдық;
- дәлдік, икемділік және координация сияқты қозғалыс сапаларының жетіспеушілігі;
- Ромберг позасындағы тепе-теңдікті сақтай алмау мен қатар, түзу сызықпен жүріп өте алмау;
- Берілген шартты сигналға жылдам әрекет ету қабілетінің төмендігі;
- Топпен бірге қозғалу қиындығы, коллективте келісімді қозғалыс қимылдарын орындай алмауы [7].

Зиятында ауытқуы бар балалардың соның ішінде психологиялық дамуында тежелуі бар балалардың моторлы аясының дамуындағы жоғарыда аталып көрсетілген ерекшеліктері тәжірибе жүзінде, жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру барысында ескеріліп отырады. Бұл жұмыстар дене тәрбиесі, ана тілі сабақтарында және физминутка (физикалық үзіліс) уақытысында жүргізіліп отырады. Алайда, осы жұмыстардың қаншалықты тиімді жүргізіліп жатқандығы жайлы жоғарыда көрсетіліп өткен оқыту пәндері бойынша балалардың жетістіктері мен үлгерім көрсеткішінен байқауға болады. Біздің оқу жылының соңында сәуір айы мен мамыр айының аралығында Алматы қаласы Жетісу ауданының № 80 жалпы білім беретін мектебінің ПДТ бар балаларға арналған арнайы сыныптарында жүргізілген пилоттық экспериментіміз, психологиялық дамуында тежелуі бар балаларда білік, дағдыларды игеруде өзіндік ерекшеліктер мен моторлық аясында қиындықтардың бар екенін тағы да дәлелдеп берді.

ПДТ бар балаларға арналған арнайы сынып оқушыларының құжаттары және ПМПК есептік тұжырымын тексеру нәтижесі балалардың 6-да бірдей «резидуальды-органикалық сипаттағы ПДТ» диагнозының бар екендігін көрсетті.

Кесте 1 - ПМПК тұжырымдамасын деректері бойынша кіші меюгеп жасындағы ПДТ балалардың физикалық денсаулық бұзылыстарының көрсеткіштері (%)

Диагноз	Астено-невротикалық синдром	Гипоталамикалық синдром	Бойдың конституционалды аласалығы	Гипертензионды ангиопатия
Саны %	66	17	17	66

№ 1 кестеден көріп отырғанымыздай ПДТ бар балалардың көпшілігіне (66%) тән астено-невротикалық синдромның (тонустың төмендігі) басым екендігін байқаймыз. Әрине осының барлығы балалардың моторлы аясының дамуына өз әсерін тигізеді анық.

Осылайша баға көрсеткіштеріне жасалған анализ нәтижесінде келесідей қорытынды жасалды. Дене шынықтыру сабағынан осы топ балаларына тән орташа деген бағалардың басым екендігін байқаймыз.

Мәліметтер салыстырмалы түрде төмендегі № 2 кестеде берілген. Кесте 2-кіші мектеп жасындағы ПДТ бар балалардың және дамуы қалыпты балалардың дене шынықтыру сабағынан түріндегі үлгерім көрсеткіштері %.

Сыныптар	Бағалар		
	Өте жақсы	жақсы	орташа
Жалпы білім беретін сыныптар	56	16	28
ПДТ балаларға арналған арнайы сыныптар	0	17	83

№ 2 кестеден көріп отырғанымыздай дене шынықтыру сабағында физикалық жаттығуларды игеруінде қиындықтар туындап, өте жақсы деген бағаға орындауы балалардың түгелдей дерлік 100% мүмкін емес болып отыр. Тек балалардың 17% ғана физикалық жаттығуларды жақсы деген бағаға орындай алатындығы анықталды. ПДТ бар балалардың ұсақ моторикасының ерекшеліктерінің жағдайын біз балалардың ана тілі пәнінен жүргізілген бақылау жұмыс дәптерлерінен көре аламыз. Кіші мектеп жасындағы ПДТ балалардың дәптерлеріне жасалған талдау бізге өте жоғарғы деңгейде және өте жақсы деген бағаға орындалған бақылау жұмыстарының жоқ екендігін көрсетті. Балалардың басым көпшілігінің 66% жазбаша бақылау жұмыстары орташа деңгейде орындалып «3» деген баға қойылған. Балалардың 17% мүлде төмен деңгейде орындалып «2» деген баға қойылған. Ал келесі 17% балалардың жазбаша жұмыстарына «4» деген бағаға бағаланды. Кіші мектеп жасындағы психологиялық дамуындағы тежелуі бар балалардың моторлы аясының бар бұзылыстарының көрінісі жайлы толық және кең ауқымда мәлімет алу үшін біз осы сынып жетекшісінің психолого-медико-педагогикалық кеңеске арналып дайындалған педагогикалық ұсыныспен танысып шықдық. «Тұрмыстық дағдының толығымен қалыптаспауы», «ұқыпсыз жазу», «ұқыпсыз киіну», «өте ұсақ әрі ұқыпсыз жазу», «жазу кезінде жиі жіберіліп отыратын қателер, әріптердің орнын ауыстырып қою, шатастыру», «жазу каллиграфиясының бұзылуы», «еңбек сабағындағы жасаған жұмыстарының ұқыпсыз әрі реңсіз орындалуы», «еңбек сабағында жұмысты өте баяу орындауы» секілді моторлы аясының ерекшеліктері аталып көрсетілген.

Қорыта келгенде психикалық дамуы тежелген баланың моторлы аясын дамытуға бағытталып жүргізілетін жұмыс нәтижелі болу үшін арнайы құрастырылған бағдарламалар кешені мен қатар тапсырмалар жүйесін жасап шығару қажет екендігін байқаймыз. Арнайы құрастырылған тапсырмалар жүйесі моторлық аяны дамыту мен қатар тапсырмаларды орындау кезінде қимыл-әрекеттің ауысуы мен автоматтануындағы қиындықтарды жоюға, бір тапсырмадан келесіге жылдам ауысып көшуге, орындалу келеміне, топтық құрамда орындай алу дағдысын, ұқыптылық пен қозғалыстың икемділігін, бұлшық ет координациясын, берілген шартты сигналға жылдам әрекет ету қабілетін, топпен бірге қозғалу қиындығы, коллективте келісімді қозғалыс қимылдарын орындай алу дағдыларын дамытуға да бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда қазақтың ұлттық ойындарының түзете-дамыту потенциалы өте жоғары болып табылады.

Қазақтың ұлттық ойындары орындалуының жеңілдігімен қатар, балалардың ойынға деген қызығушылығын оята отырып моторлы аясын дамытуға бағытталған. Мысалы: «Айгөлек» ойыны балалардан қозғалыс барысында аса күрделі қимылдар кешенін орындауды, жинақылықты талап етіп, бұлшық ет тонусын көтере отырып моторлы аяны тиімді түрде дамытуға мүмкіндік туғызады. «Бес тас» және «Хан алчы» ойындары ойыншыдан ең алдымен топта бірлесе жұмыс істеуді, аса дәлдікті талап ете отырып, қол саусақтары мен буындарының ерекше икемділігін арттырып, қол қимылдарының орындалуында кеңістік пен уақыт арақатынасын дәл белгілеуді үйретіп, қимыл-қозғалыс координациясын дамытады. Сонымен қатар қолдың кеңістікте әртүрлі тонуста қозғалу қабілетін дамытады. Осылайша қазақтың ұлттық ойындарын дене шынықтыру сабағында, сабақтан тыс мезгілде қолдану кіші мектеп жасындағы зиятында ауытқуы бар балалардың жайпы және ұсақ моторикасын аса тиімді дамытуға мүмкіндік туғызады.

1. *«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы;*
2. *Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы //Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.*
3. *Лурия А.Р. Умственно отсталый ребенок. - М.: Изд. АПН РСФСР, 1960. - 203 с.*
4. *Власова Т.А., Лубовская В.И., Цыпина Н.А. Дети с задержкой психического развития/-М.: Педагогика, 1984. -256 с.*
5. *Григорьев Д.В. Коррекция двигательных нарушений младших школьников с задержкой психического*

развития. - СПб., 2003.

6. Адилова М.Ш. Особенности психомоторики младших школьников с задержкой психического развития. Авторефер. дис. канд. психолог, наук. - М., 1988. -16 с.

7. Екжанова Е.А., Стребелева Е.А. Коррекционно-развивающее обучение и воспитание. Программа дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида для детей с нарушением интеллекта. - М., 2005.

Анықтамалар

Моторлы ая - латын тілінен motor-қозғалысқа келтіру сөздерінен шыққан. Жалпы дененің қимыл-қозғалысы, яғни бастыд, мойынның, иықгың, кеуденің және аяқ-қолдың қимыл-қозғалыс актілерінің саналы реттелу жиынтығы.

Мүмкіндігі шектеулі балалар - белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

Психикалық дамуының тежелуі - адам психикасы дамуының және (немесе) жұмыс істеуінің уақытша немесе тұрақты кемістігі, соның ішінде: сенсорлық бұзылыстардың снідары; сөйлеу бұзылыстары; эмоциялық-еркі жағынан бұзылыстары; ми зақымдануының салдары; ақыл-ой дамуының бұзылыстары, соның ішінде ақш-ой жағынан кенжелеп қалу; психикалық дамуының тежелуі және осыған байланысты оқып-үйренудегі өзіндік қиындықтар.

Кіші мектеп жасындағы балалар - 5-7 жас аралығындағы балалар.

Психомоторика - Психомоторика гректің psuche-жан, сана, латын тілінен motor-қозғалысқа келтіру сөздерінен шыққан.

Түйін

Бұл мақалада арнайы мектеп ұйымдарындағы психикалық дамуы тежелген балалардың моторлы аясының дамуына түзету-педагогикасының эсер ету әрекеті жағдайына жасалған теориялық талдау ұсынылған. «Ана тілі» және «Дене шынықшру» сабақтарында балардың сабақ үлгерімдеріне зерттеу жүргізіле отырып, сабақ үлгерімдерінің төмендеуі балалардың бойындағы ақаулықтың күрделілігіне тікелей байланысты екендігі анықталды.

Резюме

В данной статье представлен теоретический анализ состояния коррекционно-педагогической деятельности по развитию моторной сферы у детей с задержкой, психического развития в специальных школьных организациях. Проведено исследование успеваемости детей на уроках по «Физической культуре» и «Родному языку» и установлению зависимости успеваемости по данным предметам от тяжести имеющегося у детей нарушения.

Summary

This article provides a theoretical analysis of the remedial teaching of motor development in children with mental retardation in special school organizations. Study on performance of children at lessons of "physical culture" and "mother tongue" and based on student achievement according to the subjects of the gravity of the violation of children.

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІПІ ДАМУЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫ МЕКТЕПТЕ ОҚИТУ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ә.Қ. Қыстаубаева -Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті Магистратура және PhD докторантура институтының Дефектология мамандығының

2-курс магистранты,

Л.О. Сарсенбаева -Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет!
Магистратура және PhD докторантура институты, психол.г.канд., доцент

Жалпы сөйлеу тілі дамуындағы балаларды мектепке оқытуға дайындау мәселесі арнайы педагогика мен психологияның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Жалпы сөйлеу тілінің дамуында сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерінің тұрақты бұзылуы байқалады: сөйлеу тілінің фонетикалық-фонематикалық жағының бұзылуы, лексикалық-грамматикалық жағы және сөйлеу тілінің мағышалық жағының бұзылуы (Р.Е. Левина, Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина). Жалпы сөйлеу тілі дамуындағы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселесін Е.Л.Флерина, Т.В. Туманова, Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова, Г.В. Чиркина, Т.Б. Филичева, Р.И. Лалаева және т.б. қарастырды. Зерттеу жұмыстарында сөздік қорын кеңейту мен белсендіру, дыбыс айту мен байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, сабақ жүргізу әдістемесін, дидактикалық ойындар, жаттығулар мен тапсырмаларды өңдеу жұмыстарына аса назар аударды.

Жалпы сөйлеу тілінің дамуы тек арнайы балабақша балаларында ғана емес, сонымен қатар жалпы

мектеп жасына дейінгі мекемелердегі балалар арасында да кездеседі және бұл тәрбиелеу мен оқыту үрдісіне, баланың психологиялық және сөйлеу тілінің дамуына да кері әсерін тигізеді.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаудың қурылымы, себебі, біріншілік және екіншілік кемістіктің байланысы балаларды арнайы мекемелерге іріктеу үшін, мектепте оқыту барысында күтілетін қиындықтарға, түзету жұмысына тиімді әдіс-тәсілдерді тандау үшін қажет. Сондықтан жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды мектепке дайындауға ерекше көңіл бөлу керек.

Психологиялық сөздікте «мектептегі оқуға дайындық» түсінігі ересек мектеп жасына дейінгі балалардың морфологиялық-физиологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Л.А. Венгер «мектепке дайындық» түсінігіне толығырақ аныққама берген. Балаларды мектепке дайындау - интеллектуалды, жекеяк және әлеуметтік-психологиялық аспектілері бойынша баланың барлық өмірлік аясын қамтамасыз ету.

Баланы мектепке дайындауда оны психологиялық дайындығындаудың маңызы зор. Психологиялық компоненттеріне жатады:

- Мотивациялық;
- Интеллектуалды;
- Эмоционалды-еріктік.

Мотивациялық дайындық - баланың оқуға деген қызығушылығының болуы. Балалардың интеллектуалды дайындығы таным әрекеттерінің дамығандығын көрсетеді. Балада толыққанды және бөлшектенген қабылдау, оқытылып жатқан материалдардың теориялық элементтеріне қатынасымен, логикалық операциялардың негізімен ортақталған ойлау формалары, мағыналық есте сақтауы болуы қажет. Интеллектуалды дайындық балада оқу қызметін білуін, оқудағы тапсырмаларды бөлектеп және соны жеке мақсат қызметіне айналдыра білуді қалыптастырады.

Мектепке баратын бала ойлау операцияларын, қоршаған ортадағы заттарды біріктіре және бөлектей білу, өзін-өзі бақылай және өзінің қызметін жоспарлай білу қажет. Сонымен қоса, оқуға деген жақсы көзқарасы, өзінің тәртібінде өзін-өзі қадағалай білу және алдына қойылған тапсырмаларды орындауда өз күшін толық сала білу керек.

Д.Б. Эльконин баланың мектепке дайындау мәселесін зерттей отырып, бірінші орынға оқу қызметіндегі қажетті алғышарттың қалыптастыруды қояды. Осы алғышарттарды талдай отырып, Д.Б. Эльконин келесі параметрлерді бөліп шығарады.

- Баланың өз қызметін саналы түрде тәртіпке бағындыра білуі;
- Берілген жүйені талаптарға бейімдей білуі;
- Ауызша түрде берілген тапсырмаларды тыңдай білуі, нақты және тиянақты жасай білуі;
- Берілген затты көріп қабылдауы арқылы өз бетінше орындай білуі.

Осы жоғарыда параметрлер баланың психологиялық жағынан мектепке дайындығын көрсетеді [1].

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды жалпы мектепте оқыту дайындығын қалыптастыру мәселесін Г.А. Каше, Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина, А.Л. Венгер зерттеген. Ғалымдар түзету жұмысының қағидаларын өндеп шығарды және жалпы сөйлеу тілі дамымаған 5-7 жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеудің түзетушілік жүйесін ұсынды.

Қазақстан Республикасында жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды мектепте оқытуға дайындау мәселесін Мовкебаева З.А. қарастырды. Автор мүмкіндігі шектеулі балалардың мектепке дайындығын қамтамасыз ету жағдайларын аныққады. Баланың оқуға деген сөйлеу тілінің дайындығы ең алдымен олардың тәртіп және танымдық процесстері ерікті басқара алу біліктіліктерінде көрініс табады [2].

Сөйлеу тілі бұзылысының психикалық дамудың басқа да жақтарымен байланыстарың қарастырудағы қағидамен сәйкес, сенсорлы, интеллектуалды және аффективті-ерікті сфераларын қалыптастырудағы сөйлеу әрекетінің ерекшеліктеріне талдау жасауға болады. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалар эмоционалды тұрақсыздық, назарларының ауыспалылығы, еңбек ету қабілетінің тұрақсыздығымен жиі ерекшеленеді. Осындай балаларда есте сақтаудың төмен деңгейі, берілген тапсырманы қабылдай алмауы байқалады. Балалар схема бойынша бағдарлануда қиындық көреді. Байланыстырып сөйлеу тілі логикалық кезектіліктегі қателіктер, жеке сөздерді тастап кетумен сипатталады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды кешенді тексеру қажет, тек сөйлеу тілінің қалпын толық зерттеп қана қоймай, сонымен қатар психикалық функцияларын да тексеру керек. Түзету-дамыту жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік емес және сөйлеу тілінің психикалық функцияларының жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Жалпы сөйлеу тілі дамымауын алдын алу және жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды мектепте

«Абай атындағы ҚазҰПУ»-нің Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы №3(34), 2013-ж. оқытуға дайындығын қалыптастыру барысында логикалық жұмыс жүйесінде психикалық функцияларының дамуына аса көңіл бөлу керек.

Сондықтан, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды мектепте оқытуға дайындау барысында келесі міндеттер негізгі болып табылады:

- Белгілі бір ережеге өз әрекетін бағындыра алуын және ересектердің нұсқауларын (ерікті дайындығы) дурью орындауын дамыту;
- Мектепте оқу қызығушылығы мен талпынысын тәрбиелеу (мотивациялық дайындық);
- Сөйлеу тілін дамыту;
- Зейінін дамыту;
- Есте сақтауын дамыту;
- Көрнекі-образды ойлауын дамыту;
- Ұсақ моторикасын дамыту
- Көру моторлы бағдарлауын дамыту [3].

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды мектепте оқуға дайындау бойынша жұмыс әр логикалық сабаққа кіруі қажет. Бұл жұмыста мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті ойын болғандықтан, жаттығулар, ойындық әдістер мен ойын жиі қолданылуы керек.

Логопед өзінің сабағында жағымды жағдай жасауы керек: балаларға сенім білдіруі, жағымсыз жағдайларды жою, сөйлеу тіліне байланысты сабаққа деген қызығушылығын қалыптастыру.

Педагог еңбегі тиімді болу үшін:

- Сабақ балаға қызықсыз болмауы керек. Егер бала кеңілді болса - ол жақсы оқиды. Қызығушылық - мотивацияның ең маңыздысы, ол балада нағыз шығармашыл тұлға қасиеттерін қалыптастырады және интеллектуалды сабақтардан қанағаттанарлығын сезінуге мүмкіндік береді.
- Жаттығуларды қайталау. Баланың ақыл-ой дамуы уақыт және тәжірибе арқылы анықталады, Егер белгілі бір жаттығуды жасай алмаса, онда үзіліс жасау керек. Оған кейінірек оралу қажет немесе балаға жеңілірек түрін ұсыну қажет.
- Жетістіктерінің төмендігіне артық қобалжытпау керек.
- Шыдамды болу керек, балаға оның интеллектуалды мүмкіндіктерінен аса тапсырма бермеу керек.
- Егер бала шаршап, көңілі болмаса, жаттығуларды жасауға мәжбүрлемеу қажет.
- Мектеп жасына дейінгі бала қайталаған, монотонды сабақтарды нашар қабылдайды, сондықтан сабақ жүргізу барысында ойын түрінде өткізген жөн.
- Баланың қарым-қатынас дағдыларын дамыту керек, балаға басқа баламен дос болуға, жетістіктері мен жеңілістерін бөлісуге үйрету керек: бұныц барлығы жалпы мектептегі әлеуметтік қиын жағдайларда қажет болады.
- Қолдау сөздерін айта білу, баланы шыдамдылығына жиі мадақтау керек.

Ешқашан басқа балалармен салыстырғанда оның әлсіз жақтарын айтпау керек. Балаға өз бойындағы сенімділікке қалыптастыру қажет.

Келешек оқушының қасиеттерін қалыптастыруға баланың дұрыс әрекеті мен педагогикалық үрдістің бағыттылығына негізделген педагогикалық әсер етудің кешенді жүйесінің маңызы зор [4].

Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепте оқытуға дайындаудың кешенді процесіне:

- педагогтар мен ата-аналарды белсенді қатыстыру;
- әлеуметтік-психологиялық жеке қасиеттерін қалыптастыру бойынша психологиялық жұмыс жатады.

Мектепте оқыпудың әлеуметтік-психологиялық дайындығы - бұл мектеп жасына дейінгі кезеңде топтық оқыту жағдайында мектептегі оқу бағдарламаларыш меңгеру үшін баланың дамуына қажетті әлеуметтік және психикалық деңгейі (А.В. Запорожец, Е.Е. Кравцова, Г.Г. Кравцов және т.б.), мектептегі оқу ситуацияларымен шартталған қарым-қатынастың жаңа түріне, қоршаған орта мен өзіне деген қарым-қатынастың жаңа түріне деген баланың дайындығын көрсетеді.

Қазіргі таңда мектеп сыныптары негізінен 20-25 оқушыдан тұрады, сондықтан баланың топтық атмосферада оқи алуы аса маңызды болып келеді. Көптеген балалар үшін топтық оқыту қосымша қиындықтар тудырады: зейін тұрақтануының қиындығы, өзінің көзқарасын білдіру, белгілі бір жағдайда өзін жаман немесе жақсы сезінуі, көп балалардың алдында сөйлеу және т.б. Бала басқа балалармен қарым-қатынас орнатуға жақсы әдістерді меңгеруі қажет. Сондықтан, бұл компонент баладағы басқалармен қарым-қатынасқа, топтағы қызығушылықтар мен дәстүрлерге бағышу, мектептегі оқуда оқушының рөлін орындау қажеттіліктерін дамытуын болжайды

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалар үшін олардың дамуы «калыпты» түсінігінен ерекшеленуімен байланысты. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда жеке дамуында өзіне тән ерекшеліктер байқалады, онда өзін-өзі бағалауы төмендеуі, коммуникациялық бұзылыстар, тынымсыздықтың байқалуы, агрессия көрінеді. Осыған қоса, ересек топтағы мектеп жасына дейінгі —

кезеңде *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3(34), 2013 ж.* сөйлеу тілінің дамуының бұзылуы – клиникалық және әлеуметтік-психологиялық тәрбиелеу жағдайларында жас ерекшелік және спецификалық қорқыныштармен сипатталады [5].

Сөйлеу тілінің негізгі қиындықтарымен қатар жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда қарым-қатынас дағдылары өте төмен деңгейде. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар мен қалыпты дамыған балалардың қарым-қатынасында көптеген ерекшеліктер болады. Балалардың көп бөлігі жалғыз ойнағанды ұнатады. Олар қарым-қатынастық ситуацияларда бағдарлана алмайды, ойындағы әріптесіне деген қатынаста жиі негативизм білдіреді. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың бір-бірімен байланысы сирек байқалады. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда тұйықтық, қарым-қатынастағы шектеулік, ситуациялық қатынаста баяу қосылуы, әңгіме жүргізе алмауы сияқты бірқатар психологиялық ерекшеліктер көрінеді (Ю.Ф. Гаркуша, Е.М. Мастнжова, С.А. Миронова).

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда вербальды емес қарым-қатынаста (қозғалыс, жест, ым-ишара, көзқарас) «қарапайым» құралдарды жақсы түсінеді және қолданады.

Бұндай балаларда қатарластарымен жақсы қарым-қатынас орнатуы нашар болады. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар әрекет барысында бір-біріне көмектеспейді, көбіне өздігінен жұмыс жасайды және бір-бірімен аз байланысқа түседі. Осының барлығы баланың мектепке бейімделуін қиындағады, демек, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық «дайын емес» екендігін көрсетеді. Мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында ересектер мен қатарластарымен әлеуметтік байланыс орнату дағдылары қалыптаспайды, бұл оқу әрекетінің қалыптасуында негізі болып табылады. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балада мектепке психологиялық дайындығы жоғары деңгейде болу үшін әлеуметтік-психологиялық дайындығының қалыптасуына эсер ететін қасиеттерін дамыту қажет.

Әлеуметтік-психологиялық дайындығының толық қалыптаспауы «әлеуметтік дезадаптация» түрлеріне әкеп соғады, бұл бала өміріндегі жаңа жағдайларға бейімделудегі, соның ішінде жүйелік оқытуда қиындықтарға тал болуы мүмкін.

Сондықтан, жалпы мектепке оқытуға дайындау жүйесіне келесі бағыттар кіреді:

- Екіншілік кемістіктің алдын алу мақсатында сөйлеу әрекетіне эсер ету;
- Сөйлеу тілінің жетекші кемістігін анықтау мен психикалық дамуының жетіспеушілігімен шартталған, баланың сөйлеу функциясын қалыптастыруда объективті және субъективті жағдайын есепке алу;
- Сөйлеу тілінің фонетикалық-фонематикалық және лексикалық-грамматикалық компоненттерін қалыптастыру. Дыбыс айту мен буындық құрылымының бұзылысын түзету жұмысы сөйлеу тілінің анық және нақты болуына эсер етеді. Осыған қоса, фонематикалық қабылдауын дамыту сөз өзгерту мен сөз жасамдағы грамматикалық және морфологиялық жүйесін қалыптастыруда негізін құрайды;
- Сөйлеу тілінің психикалық дамумен байланысы, осы байланыстың анықталуы жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың психологиялық ерекшеліктеріне эсер етуінің негізінде жатыр, бұл сөйлеу әрекетін түзету жұмысында тікелей немесе косымша тиімділігін көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда түзету жұмысының тиімді түрлерін іздеу мәселесі қазіргі таңдағы өзекті болып табылатын әлеуметтік-психологиялық аспектілерін бөліп қарастыру болып есептеледі.

1. Эльконин ДБ. Развитие речи в дошкольном возрасте: (краткий очерк).
2. Мовкебаева З. А. Формирование готовности старших дошкольников с общим недоразвитием речи к школьному обучению, автореф. дис...д-ра. пед. наук: 13.00.03. - Алматы, 2010.
3. Дубова Н. В. Об особенностях навыков общения дошкольников с ОНР/НВ. Дубова //Логопед в детском саду, №3, 2006.
4. Дудьев В. П. Развитие невербальных коммуникаций у дошкольников с ОНР [Текст] / В.П. Дудьев //Логопед в детском саду, № 2, 2006.
5. Калягина ВТ. Психологические особенности страхов дошкольников с недостатками речевого развития: Дис. канд. псих.наук. - М., 2011

Түйін

Мақалада жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды жалпы мектепте оқыту дайындығын қалыптастыру мәселесі қарастырылған.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы подготовки детей с общим недоразвитием речи к обучению в общеобразовательной школе.

Summary

In the article the questions of preparation of children are examined with the general exaltation of speech to educating at general school.

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМ ДАҒДЫЛАРЫШ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ КЕЗЕНДЕРІ

Сөйлеу тілі ақаулықтарының ішіндегі ең көп тараған және күрделі түріне жататыны жалпы сөйлеу тілінің дамымауы (ЖСТД) болып саналады. «Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы» - деген түсінік сөйлеудің фонетикалық, фонематикалық және лексикалық - грамматикалық жақтарының кемістіктерін белгілеп, барлық компоненттердің жүйелі бузылуын атайды. Оның ішінде грамматикалық жағы, әсіресе сөзжасамының қалыптаспауы аса байқалады. Оның салдарынан баланың байланыстырып сөйлеуі, кейін жазбаша сөйлеуі де, зардап шегіп, баланың сөз арқылы қарым-қатынас жасауы қиындайды. Сондықтан біз, ЖСТД балалармен жүргізілетін қалыптастыру және түзете-дамьпу жұмысында сөзжасамды қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп, кезеңдерге бөліп отырмыз.

ЖСТД балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыруды біз төрт кезеңге бөліп отырмыз. Олар төмендегідей:

I-ші кезең - дайындау (пропедевтикалық)

Осы кезеңнің негізі төмендегідей міндеттерде айқындалды:

- балаларда мотивациялық лексиканың базалық сөздігі мен сөзжасамды меңгеруге деген когнитивті- сөздік алғы шарттарды қалыптастыру;
- жаңа сөздерді әр түрлі грамматикалық категорияларда қолдануға үйрету;
- түбірлес сөздердің семантикасы мен буын шеңберінің ұзақтығын ескеріп салыстыру дағдыларын дамыту;
- түбірлес сөздердің дыбысталуындағы жалпы және әр түрлі компоненттерін жұптарды салыстыру арқылы белгілеуге үйрету;
- жаңа сөздің жеке бөлімдерінің байланысы жөнінде практикалық түсініктерін қалыптастыру.

Қойылған міндеттерді шешу үшін сөйлеу тілінің қалыптасуы даму процесіндегі сөзжасамды меңгеру заңдылықтарын ескеріп лексикалық материал іріктелді. Осыған орай, бірінші кезеңде белгіленген түзету-білім беру жұмысы біртіндеп, келесі сатылар бойынша іске асырылды:

1- саты

Сөйлеу тілінде алғашқы бөлшектенетін сөздерді қолдану мен сөзжасаудың практикалық дағдыларын бекіту және мағынасын анықтау:

Кішірейткіш мән беретін жұрнақтар арқылы зат есімдерді жасау: үй-шік, көрпе-ше т.б.

2- саты

Өзіндік сөйлеу тілінде өткен сатыға үйретілген кішірейткіш мән беретін жұрнақтар көмегімен зат есімдерді қолдану дағдыларын бекіту.

Келесі қағидаларға сай зат есімдердің мағынасын анықтау және қолдану дағдыларын бекіту:

1) Кішірейткіш мән беретін жұрнақтармен: таяқ-ша, күрте-ше.

2) әрекеті бойынша жұрнақ қосып затты атауын атау: қант салғыш, су құйғыш т.б.

3- саты

Жасаушы негіздермен айтылған өзіндік сөздерді кішірейткіш мағына беретін зат есімдермен салыстыру (көрпе-көрпеше т.б.). Үйретілген сөздер формаларын өзіндік сөйлеу тілінде қолдану біліктерін бекіту.

4- саты

Жұрнақтар қосу арқылы сапалы сын есімдерді жасаудың практикалық тәсілдеріне үйрету (қып-қызыл, аппақ, жап-жасыш).

5- саты

Сөйлеу тілінде жұрнақ арқылы әр түрлі грамматикалық формаларда сөздер жасаудың практикалық дағдыларын кеңейту және белсендіру. Заттардың атауларын түсіну және қолдану дағдыларын бекіту:

1. мамандығы немесе әрекеті бойынша (оқытушы, бақташы, сатушы).

II кезең — зат есімдерден сөз жасауын қалыптастыру

Логопедиялық жұмыстың бұл кезеңінде төмендегідей міндеттер шешілді:

- сөзжасау біліктерін жаңа лексикалық материалға көшіру дағдыларын қалыптастыру;
- аналогиялық, кейін - корреляциялық тәсіл бойынша сөзжасау дағдыларын бекіту;
- жасалған жаңа сөзге қатысты жағдайды (ситуацияны) талдауға үйрету;

----- сөйлеу тілін талдау және көрнекі-графикалық белгі негізінде әр түрлі сөзжасаушы морфемалардың жаңа сөз белгілейтін сипаттамалармен байланысы туралы практикалық түсініктерін қалыптастыру; ----- 44 = -----

- ұзақ уақыт есте сақтауында сөзжасам уяларының жүйесін қалыптастыру.

Қойылған міндеттерді шешу оқытудың келесі сатыларында іске асырылды:

1- саты

Өзіндік сөздермен жасалған сөздерді жасалатын сөздермен салыстыру дағдыларын бекіту. Салыстырыш талдау критерийлері: сөздердің мазмұндық аспектісі және дыбыстық-буындық контурының ұзақтығы, Мұндай салыстыру барысында ұзындығы әр түрлі қағаз жолақшалары көрнекілік - материалды тіректер ретінде қолданылды.

Заттың атауын білдіруде маңызды компонент бөлу арқылы сөзжасауды талап ететін сөйлеу жағдайын талдауға үйрету.

Сөз жасау дағдыларын қалыптастыру арнайы көрнекілік-графикалық белгілер мен сызба жүйесіне сүйену арқылы, мынандай сөзжасаушы моделдер бойынша жасалды:

- 1) кішірейткіш мән беретін жұрнақтар арқылы зат есімдерді жасау;
- 2) мамандық немесе кәсіп иесін атау арқылы зат есім жасау.

2- *ші саты*

Өткен сатыға үйретілген моделдерге сәйкес, зат есімдерді жасау дағдыларын бекіту (сөзді талдау және көрнекілік-графикалық белгі жүйесіне сүйену арқылы).

Жаңа сөздердің құрамындағы графикалық моделдегі жалпы және әр түрлі компоненттерді бөлу және саналы түрде түйсіну дағдыларын жетілдіру.

3- *ші саты*

Түбірлес сөздерді біріктіру (сөздер «тізбегін» жасау) дағдысын қалыптастыру. Деформацияланған «тізбекте» артық сөзді табу білігін дамыту, Ол сөзді талдау мен көрнекілік-графикалық белгіге сүйену арқылы жасалады.

4- *ші саты*

Жаңа сөздердің құрамындағы әр түрлі және жалпы компоненттерін және көрнекілік-графикалық сөзжасам тендеулеріне сәйкес сөздерді саналы түрде түйсіну дағдыларын бекіту. Оның негізінде - зат есімдер үйретілген тәсілдер бойынша және аналогия тәсілі бойынша жасалады. Сөзжасам моделдері бойынша жасалған жаңа сөздерді ажырату олардың семантикалық құрылымымен құрам айырмашылығын бөлу негізінде іске асырылады. Сөзжасауда аналогиялық қорреляциялық тәсілге біртіндеп көшуге (яғни балаларда бар сөзжасам түсініктері, білімдері мен біліктері негізінде) болады. Бұл жерде бастапқы көрнекілік-графикалық тіректі трансформациялау сияқты әдістемелік тәсіл қолданылады (мысалы, сөзжасам тендеуінде элементтер - суреттер мен белгілер біртіндеп ауыстырылады, алып тасталыады).

Сонымен, бұрын үйретілген модел-типтер бойынша сөзжасам тәсілдері ажыратышып бекітіледі. Одан басқа, бала жаңа лексикалық материалда қалыптасқан сөзжасам дағдыларын қолдануға мәжбүр болатындай жағдайлар туғызылады. Мұндай әрекеттер сөзжасам саласына деген баланың қызығушылығының қалыптасуына әсерін тигізеді.

5- *ші саты*

Корреляциялық тәсіл бойынша сөздерді жасау дағдыларын бекіту көрнекілік-графикалық сөзжасам тендеулерін «шешу» негізінде іске асырыады.

Күрделі атауларды жасау дағдыларына үйреғу сөзге талдау жасау және көрнекілік-графикалық сызбасына сүйену арқылы іске асырылады.

III-ші кезең - жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру дағдыларын қалыптастыру

Аталмыш кезеңде мынандай міндеттер шешілді:

- балалардың ұзақ уақыт есте сақтауында сөзжасам ұялары жүйесін қалыптастыруды жалғастыру;
- арнайы көрнекілік-графикалық белгілерге сүйеніп жаңа сөздердің атауына семантикалық талдау жасауға үйрету;
- сөз құрамындағы морфемалар, тіл мағынасының жүйесі ретінде, жаңа сөз туралы практикалық түсініктерін қалыптастыру;
- сөзге қатысты әр түрлі міндеттерді (сөздің лексикалық мәнін анықтау, оны қолдану аясы) шешуде сөзжасамды талдау мен жинақтауға сүйену біліктерін қалыптастырып, бекіту;
- берілген жағдайға сай сөздің сөзжасамдық парадигмасынан тандау жасауға үйрету;
- жаңа сөздің мағынасын талдап бөлуге үйрету.

Жаңа сөздердің мағынасын талдау біліктерін дамыту бойынша бастапқы жұмыс сөзжасауды қалыптастырудан жеке емес, параллелді түрде жүргізілді. Бұл жұмыс, бала жаңа сөздердің атауын сөз қорында жинап, сөзжасамның практикалық тәсілдеріне үйреніп, олардың семантикасы жөнінде алғашқы түсініктері қалыптасқанда, практикалық түрде ең алғашқы кезеңдерден басталады. Бұл алғашқы түсініктері балалардың заттық-практикалық әрекеттері, педагогикалық үрдістің ересек қатысушыларымен қарым-қатынасқа түсу барысы негізінде құралды.

Бірінші-екінші кезеңдер барысындағы логопедиялық жұмыстың жоғарыда аталған мазмұны балалардың жаңа сөзге тілдің номинативті бірлігі ретінде ерекше назарын дамытуға тиімді болады.

Саналы түрдегі интерпретациялау дағдыларын баладан талап етеді: біріншіден, жаңа сөздің

құрамындағы кодталған мазмұныц толық түсінуін, екіншіден, дамыған байланыстырып сөйлеу дағдыларын. Ол дегеніміз, жалпы сөйлеу тілі дамымамаған балаларда оқыту барысында жаңа сөздің мәнін толық түсіндіру білігін қалыптастыруды білдіреді. Сөздің мәнін толық түсіндіру, бастапқы бірлікгің формантгы бөлігіне бағдарланған дефиниция арқылы жасалады. Дәл сондықтан, еөздің мағынасын жайылма сөйлемдер арқылы түсіндіру білігін қалыптастыруға бағытталған жұмыс, жеке кезең ретінде бөлініп отыр. Бұл кезеңде маңыздысы- баланы жаңа сөз белгілеген сөйлеу жағдайын, құбылысты және құрылымш әбден талдауға үйреу. Мысалы, егер бала «тігінші» сөзін интерпретациялауға қиналатыш болса, сәйкес суретті көрсетіп қана қоймай, сөздің «кейіпкері» белгісін көрсетіп, бірнеше сұрақтар қою керек: бұл кім? Не істеп жатыр? Ол әйел адам ба, еркек пе? Тігін (тігу) дегеніміз не?

1- ші саты

Өткен кезеңдердегі жұмыстардан балаға таныс, жаңа сөздерді сәйкес заттармен, нысандармен, бейнелерімен сәйкестеу дағдыларын бекіту. Кейбір жағдайларда, бір сөзге бірнеше сурет, сызба, көрнекілік-графикалық моделдер ұсынылады. Оның мақсаты, балаға жаңадан жасалған сөзге ұсынылғанның ішінен ең нақты сәйкесін (сурет, сызба, көрнекілік-графикалық моделдер) табуға мүмкіндік беру. Мысалы, кішірейткіш мән беретін журналдардың көмегімен сөз жасағанда, әр түрлі көлемді заттар бейнеленген суреттер ұсыну керек. Ол суреттер белгіленген көлем критерийін максималды түрде айқын көрсетіп тұруы тиіс.

2- ші саты

Берілген сөздерге сәйкес сурет және көрнекілік-графикалық белгілермен бірге сөздер іріктеу дағдыларын бекіту.

Осы сатыда белгілер қолданылады, оларға сүйену арқылы жаңа сөздің формантгы бөлімі ашылады. Мысалы, «қағана, таяқша» сияқты сөздерге сәйкес суреттер мен қатар осы топ сөздеріне тән затгың кішкентай көлемді белгісі іріктеледі. «Етікші, бақгашы, сиыршы» сияқты сөздерге жұмысты атқарушының белгісі алынады. Аталған әрекеттер баламен бірге жағдайдағы сөзге талдау жасауды көздейді. Мысалы, «сиыршы - ол адам, етікші - ол адам т.б.».

3- ші саты

Жасалған жаңа сөзбен аталатын жағдайдағы сөзді ашық талдау білігін қалыптастыру. Балалар жаңа сөздің бастапқы және формантты бөлігіне сүйеніп, мағынасын талдауға үйренеді. Сөздің формантты бөлігі сөздің және көрнекілік-графикалық тендеудің құрамында берілген. Мысалы, «орманшы - ол адам. Ол не істейді? Ол орманды күзетеді, Яғни, орманшы - ол орманды күзететін адам».

4- ші саты

Әр түрлі дыбысталатын форманттары бар және әр түрлі семантикалық жүктемені атқаратын жасалған жаңа сөздерді дифференциалды түрде талдау мен интерпретациялау білігін қалыптастыру. Мысалы, «қант салғыш» - ыдыс түрі ме, элді сол әрекетті атқаратын адам ба? Т.б.

5- ші саты

Бұрын қолданған көрнекілік-графикалық сызбаларды біртіндеп алып тастап, жаңа сөздердің семантикалық жағын интерпретациялау дағдысын бекіту.

ІУ кезең - сөзжасам дағдыларын ауызша сөтеу тілінде қолдану дағдыларын қалыптастыру

Осы кезеңде келесі міндеттер шешілді:

- әр түрлі сөз таптарына қатысты жаңа сөздерді сөз тіркестерінде, сөйлемдерде, байланыстырыш сөйлеуінде қолдану дағдыларын қалыптастырыш, бекіту;
- жаңа сөздерді қолданып, сөйлемдерді бірыңғай мүшелермен толықтыруға үйрету;
- балалардың сөз қорын жетілдіру және белсендіру;
- ұқсастық белгісі бойынша сөздерді топтастыру дағдыларын дамыту;
- сөздердің сөзжасамдық парадигмасынан сипатталған нысан, әрекет, құбылысты нақты белгілейтін сөздерді іріктеу дағдыларын бекіту;
- Өз бетімен сезжасау дағдыларын жетілдіру.

Қойылған міндеттер арнайы логопедиялық ұйышдастырылған оқу іс-әрекеттерінде (сабақтарда) және одан тыс уақыттарда (ойын, еңбек әрекеттерінде) іске асырылды.

1- ші саты

Жаңа сөздерді қолданып сөз тіркестерін құрастыру біліктерін қалыптастыру. Осы сатыда аналитика- —

лық және синтетикалық сипаттағы жаттығулар беріледі. Бірінші (аналитикалық) жаттығулар сөз тіркестері құрамынан жаңа сөзді бөлу дағдыларын бекітуге бағытталған. Екінші (синтетикалық) жаттығулар - жаңа сөздерді сөз тіркестерінің құрамына енгізуге бағытталған. Сөз тіркестерін құрастыруға үйрету жұмысы, жаңа сөздер әр түрлі грамматикалық категорияда (жақтар, септіктер бойынша өзгертіліп) қолданылатындай етіп жүргізіледі. Бұл жерде балалар сәйкес заттық-графикалық

эрекетпен логопедия тәжірибесінде дәстүрлі қолданылатын белгілер жүйесіне сүйенеді.

2- иі саты.

Тілдің жаңа бірліктерін қолданып, сөйлемдер құрастыру біліктерін қалыптастыру. Жай, кейін күрделі сөйлемдерді құрастыру жұмысы жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыста қолданылатын әдеттегі әдістер бойынша іске асырылады. Алайда, осы әдістеме аясында жұмыстың бұл тарауы өзгертіліп кеңейеді. Жаңа сөздерді сөйлемдердің әр түрлі типтерінің құрамына қосу нәтижесінде жайылма сөйлемдер жасалады, сөйлем әр түрлі сөз таптарымен кеңейеді.

Осы сатыда қолданылатын жаттығулар, шартты түрде үш нұсқада ұсынылуы мүмкін: үлгі негізінде, конструктивті және шығармашылық жаттығулар. Олардың арасындағы шекара қатаң емес, алайда әр топ өз ерекшеліктерімен және жалпы белгілерімен сипатталуы мүмкін.

Үлгі негізіндегі жаттығулар (немесе еліктеуіш) көрнекілік-графикалық және сөйлеу эталондарына сүйену арқылы, жаңа атауларды қолданып, сөйлемдерді дұрыс құрастыруды көздейді. Берілген үлгілерге қарап, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар, дәл сондай сөйлемдерді құрауға үйренеді. Бұл жаттығуларда балалардың өз бетінше еңбек жасау элементтері бар, алайда, олардың эрекеттерінің негізінде педагогикалық үрдістің ересек қатысушысы берген үлгі әрдайым орын алады.

Конструктивті жаттығуларда басқа танымдық міндет түр - меңгерген заңдылықтар негізінде жаңа сөздермен сөйлемдер құрастыру. Осындай сөйлемдер көмегімен ЖСТД балалар үлгіге жартылай сүйеніп немесе өз бетімен, сөйлемдерді құрастыруға үйренеді; сөйлемдегі маздер орныш ауыстыруға, кеңешуге, екі сөйлемді бір сөйлем етіп қосуға, сөйлемнің элементтерін ауыстыруға үйренеді.

Шығармашылық жаттығуларда ересектің көмегі корсетілмейді және жеке конструктивті міндеттер шешілмейді. Шығармашылық жаттығулар барысында сөйлемдерді құрастырғанда балалар бұрын меңгерген заңдылықтар мен өздерінің сөйлеу мүмкіндіктеріне сүйенеді.

Баланың тілдің жаңа бірліктерін қолданып, әр түрлі типтегі сөйлемдерді еркін құрастыру білігі, сөзжасамды әбден меңгергенін дәлелдейді.

3- іі саты

Жаңа сөздерді байланыстырып сөйлеуінде қолдану білігін қалыптастыру. Логопедиялық жұмыстың осы сатысы ең ұзақ болып табылады және оқыту кезеңі бойы жалғастырылуы керек. Балалар сұрақтарға жайылма сөйлемдермен жауап беруге үйренеді; заттар мен құбылыстарды сипаттауға, оқылғанның мазмұнын айтып беруге, әңгімелер құрастыруға, шығармашылық әңгімелеулер (мысалы, мәтінді қайта құру және трансформациялау, импровизация) құрастыруға үйренеді.

ЖСТД балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысын жүргізгенде диалогтық және монологтық сөйлеуінде жаңа жасалған зат есім, сын есім, етістік, үстеулерді қолдануға; балалардың байланыстырып сөйлеуінде мұндай сөзжасам дағдыларын кеңінен, еркін қолдануға көңіл болу қажет.

1. *Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия, оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.*

2. *Ибатова Г.Б. «Жалпы сөтеу тіні дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын тексеру әдістемелері»// Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы: ғыл. маң. жинағы. - Алматы, № 3-4 (30-31), 2012.*

3. *Туманова Т.В. К проблеме развития процессов словообразования у младших школьников с ОНР.// «Дефектология» №5, 2004.*

4. *Ибатова Г.Б. «Жалпы сөйлеу тіні дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасамының жағдайы»//Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы: ғыл. маң. жинағы. - Алматы, № 1-2 (32-33), 2013.*

Түйін

Мақалада жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру кезеңдері беріліп отыр.

Резюме

В статье даются этапы формирования словообразовательных навыков дошкольников (с казахским языком обучения) с общим недоразвитием речи.

Summary

The article provides step of forming formative skills of preschool children (the Kazakh language) with the general underdevelopment of speech.

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ КОРРЕКЦИОННОЙ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ, ИМЕЮЩИМИ ТРУДНОСТИ В РАЗВИТИИ ОБЩЕНИЯ

Т.Н. Караева - *ст. преподаватель кафедры специальной и социальной педагогики КазГосЖенПУ*

В последние годы во всем мире, особенно в странах, испытывающие воздействие комплекса неблагоприятных социально-экономических и экологических факторов, отмечается тенденции роста числа детей с проблемами в развитии. Высокий и социально опасный уровень детской инвалидности, отсутствие полижительной динамики детей с проблемами в развитии обнаруживают неэффективность традиционного подхода к вопросам коррекционного обучения и социальной адаптации. Для детей дошкольного и младшего школьного возрастов необходимо разработать новые методологические основы помощи. В последние годы работы отечественных и зарубежных исследователей способствовали становлению и развитию практической психологии образования как специальной отрасли психологической науки и практики. Учитывая современное состояние психологической науки в целом, современные концепции интегрированного обучения детей с проблемами в развитии, можно рассматривать как продолжение и развитие идей Л.С. Выготского, основоположника возрастной педагогической психологии, дефектологии, в становлении организации помощи детям с проблемами в развитии.

Наше исследование рассматривает *психодиагностику дошкольного периода детства*, где диагностика одновременно осуществляет *контроль динамики психического развития, коррекцию развития* с целью создания оптимальных возможностей и условий для подтягивания детей. Известно, сколь сложна, объемна и ответственна процедура диагностико-коррекционной, диагностико-развивающей деятельности детского психолога. Впервые такая процедура была предложена Л.С. Выготским [1] в виде схемы педологического исследования в применении к трудновоспитуемому и ненормальному ребенку. Этой схемой пользуются практические психологи и сейчас. Особое внимание Л.С. Выготский уделял психологическому диагнозу - центральному, по его определению, "узловому" этапу диагностического обследования. Диагноз обязательно предполагает соотнесение полученных в обследовании данных с тем, как выявленные особенности проявляются в жизненных ситуациях. Большое значение при постановке диагноза имеет возрастной анализ полученных данных, причем с учетом зоны ближайшего развития ребенка. "Истинный диагноз даст объяснение, предсказание и научно обоснованные практические назначения" [2, с 268].

В наших экспериментальных исследованиях (1992, 1996) коррекционная работа практика-психолога была направлена на *преодоление трудностей в развитии общения*. Многие разнообразные трудности и проблемы детей дошкольного возраста имеют в своей основе развитие (недоразвитие) сферы общения. В психологической литературе встречается множество понятий: гармония и дисгармония, налаженное общение между ее участниками и затруднение в общении, конструктивные формы поведения во взаимоотношениях и деструктивные формы и т.д и т.п. Разнообразны и попытки классификации трудностей общения и вызывающих их причин. В психологической литературе под трудностями общения понимают *нарушение контактов и хода взаимодействия между партнерами*, возникновение всякого рода препятствий в развитии отношений, вплоть до эмоционального разрыва, сопровождающееся напряжением в отношениях. Но существуют дефиниции альтернативного порядка: затрудненное общение, неналаженное и благоприятное, налаженное, оптимальное. Феномен благоприятного, оптимального общения предполагает коммуникабельность, контактность партнеров, легкость общения, способность воздействовать друг на друга, эмпатию, самоуважение. Такое общение предполагает партнерство, умение слушать и слышать другого, выработку общих решений, терпимость друг к другу, умение склонить (партнера) делать то, что я хочу.

Трудности в общении могут оцениваться субъектом *субъективно и объективно*. При этом, в качестве объективного критерия выступает содержательная сторона общения, субъективная оценка актов общения, удовлетворенность потребности в коммуникации.

В практике психологического консультирования встречаются различные формы нарушений барьеров и межличностных отношений. В каждом конкретном случае перед психологом-практиком встает задача и организации осуществления психологической помощи.

Остановимся на коррекционной работе, направленной на преодоление трудностей в развитии общения, которое в силу своего основополагающего влияния на психическое развитие ребенка, может служить основой для появления трудностей в обучении, игре, повседневном поведении детей. Нередко отмечаются случаи, когда дети с агрессией, например, имеют трудности в развитии общения. В литературе

многократно отмечается, что недоразвитие общения может стать основой для низкого уровня психологической готовности детей к школе (Е.О. Смирнова, Г.И. Капчеля, Е.Е. Кравцова).

При построении коррекционной работы с детьми мы руководствовались, с одной стороны, типологией трудностей в развитии общения и, с другой стороны, условиями целенаправленного развития общения у детей дошкольного возраста (М.И. Лисина).

Вслед за многими исследователями (Я.Л. Коломинский, Е.Е. Кравцова, А.Б. Кан-Калик, М.И. Силина, Е.О. Смирнова и др.) нами на разных этапах развития ребенка общение выделяется как специфическое взаимодействие (непосредственное, лицом к лицу), с помощью разнообразных средств (речевых, мимических, пантомимических). Коммуникативное воздействие партнера по общению включает обращение взрослого - педагогика, родителя к ребенку,- которое рассматривается как законченное смысловое высказывание, имеющее параметры: содержание, формы, модальность, способы обращений. Показателем способов обращения выступили доброжелательность, гибкость, аргументированность. Содержанием коммуникативного умения выступили требования и оценки. Форма обращения рассматривалась как императивная (жесткая) и оптимативная (мягкая). По параметру модальности обращения рассматривались как позитивные Или как побуждающие к действию или тормозящие действие.

Нарушения развития общения могут касаться как компонента, направленного на развитие собственно *личностных отношений*, так и компонента, отвечающего за *содержательную сторону общения*. При этом необходимо иметь в виду две глобальные сферы детского общения - общения со взрослым и со сверстником. Несмотря на их тесную взаимосвязь и взаимообусловленность, каждая из этих сторон имеет свою логику развития и характеризует уровень развития общения ребенка с разных сторон. (Х.Т. Шерьяз- данова, Г.М. Касымова, 1998) [3].

